Шекаралар: Дружба көшесі, 78, 95, 95а, 97 корпус 1, 2, 99, 100, 101, 103 корпус 1, 103 корпус 2, 104, 114, 114 корпус 1, 114 корпус 2, 114 корпус 3, 114 корпус 4, 116, 116 корпус 1, 116 корпус 2, 116 корпус 3, 116 корпус 4, 117, 117А, 118, 118А, 120, 121, 122, 122А, 123, 124, 126,126А, 127, 129; Жекібаев көшесі, 83 - 149; Локомотивная көшесі, 77 - 159; Серов көшесі, 1-24, 26-31, 33, 35, 37, 39, 41, 43, 45, 47, 49, 58, 70, 72, 80, 82, 82А, 84-87, 91-109/2 тақ жағы, 113-125 тақ жағы, 126, 127, 129, 131, 133, 137-177 тақ жағы; Юная көшесі, 82 -132; Мәметова – 60, 62, 76, 78, 84, 86, 88, 90-94, 96, 99-104, 106, 108, 112-114, 116, 118, 119-126, 128, 130-135, 137-183, 185, 187, 189, 191, 193, 195, 197, 199, 201, 203, 205, 207; Ману-линьский көшесі, Гайдар көшесі, Тобольская көшесі, пос. Жана-Аул, Макаренко көшесі, Лермонтов көшесі, Рабочая көшесі, Деловская көшесі, Саялы көшесі, Достоевский көшесі, Днепровская көшесі, Огарев көшесі, Молдавская көшесі, Мозанчина көшесі, Булавин көшесі, Урановый тұйық көшесі, Лесной тұйық көшесі, Вагонное депо тұйық көшесі, Вишневский тұйық көшесі, Пролетарский тұйық көшесі, Первомайский тұйық көшесі, Темиртауская көшесі, Центральная көшесі, Магистральная көшесі, Байкальская көшесі, 1, 2, 3, Победа көшесі, 90, 98, 98 корпус 2, 98А, 98А корпус 1, 98А корпус 2, 98А корпус 3, 98А корпус 4, 100, 100 корпус 1, 100 корпус 2,102, 102А, 102Б, 104, 104А, 106, 106 корпус 1, 107-109, 111-116, 118/3 (жатақхана), 117, 119, 120, 122, 124, 126-139, 139 корпус 2, 140, 141, 142, 142 корпус 1, 142 корпус 2, 143-159, 159 корпус 2, 163, 163а, 165, 165 корпус 1, 165А, 167, 169, 171, 171 корпус 1; Рақымжан Қошқарбаев көшесі, 81, 82-106 (жұп жағы), 108-111, 113-117, 119-125.

Сайлау учаскелері кіреді: 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106.

№ 18 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Арман көшесі, ғимарат 3, «Қарағанды агротехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шекаралар: Рақымжан Қошқарбаев көшесі, 28 корпус 1,2, 30, 30 корпус 1,2, 31 корпус 2, 32 корпус 2, 33, 33 корпус 1, 2, 34 корпус 1, 2, 35 корпус 1, 2, 36 корпус 1, 2, 37 корпус 1, 2, 38 корпус 1, 2, 39, 39 корпус 1, 2, 3, 40 корпус 1, 2, 41 корпус 1, 2, 3, 42 корпус 1, 2, 43 корпус 1, 45 корпус 1, 2, 46-59, 61-80, 83-107 (тақ жағы); Дружбы көшесі 22, 22 корпус 1, 2, 24, 24 корпус 1, 2, 26, 26 корпус 1, 2, 27, 27 корпус 1, 2, 28 корпус 1, 2, 29 корпус 1, 2, 29, 30, 30 корпус 1, 2, 31 корпус 1, 2, 32, 32 корпус 1, 2, 33 корпус 1, 2, 34, 34 корпус 1, 2, 35, 35 корпус 2, 36, 37, 37 корпус 1, 3, 38, 39 корпус 1, 2, 40, 41, 41 корпус 2, 42-58, 58 корпус 1, 59-61, 63, 65, 74, 75А, 76, 77, 79, 80-85, 85 корпус 2, 86-89, 89 корпус 2, 89А корпус 1, 90-94, 94 корпус 1, 2, 96, 98, 102, 104 корпус 1, 2, 104 корпус 4, 3, 106, 106 корпус 1, 2, 3, 106 корпус 4, 108 корпус 1, 2, 3, 4, 110 корпус 1, 2, 3, 4, 112, 112 корпус 1, 2, 4; Жекінбаев көшесі, 38 корпус 1, 2, 34, 34 корпус 1, 2, 36, 36 корпус 1, 2, 37, 37 корпус 1, 2, 38 корпус 1, 2, 39, 39 корпус 1, 2, 40, 40 корпус 1, 41 корпус 1, 2, 42, 42 корпус 1, 2, 43, 43 корпус 1, 2, 44 корпус 1, 2, 45, 45 корпус 1, 2, 46, 46 корпус 1, 2, 47 корпус 1, 2, 48-52, 54-58, 59 корпус 1, 2, 60-72, 74-80, 82; Локомотивная көшесі 1 корпус 2-76; По-беды көшесі 16 корпус 1, 2, 18, 18 корпус 1, 2, 20, 20 корпус 1, 2, 21, 22 корпус 1, 2, 23, 23 корпус 1, 2, 24, 24 корпус 2, 25-28, 28 корпус 1, 2, 29, 30, 30 корпус 2, 1, 31, 31 корпус 1, 2, 32, 32 корпус 1, 2, 33, 33 корпус 2, 34, 34 а, 35-40, 42, 43, 45, 47, 47 корпус 1, 47 корпус 2, 48, 49, 51, 53, 54, 55, 56 корпус 1, 2, 57, 57 корпус 1, 58-60, 62-65, 66, 66 корпус 2, 67-69, 71, 70, 70а, 72-83, 83 корпус 1, 2, 84, 85, 85 корпус 1, 2, 85А, 86-88, 88 корпус 1, 89, 91-95, 97, 99, 101, 103; Серов д. 48, 50, 51, 51 корпус 1, 53, 60, 62, 64, 73, 75; Мәметова д. 1-26, 29-35 корпус 1, 2, 36, 36 А, 37 корпус 1, 2, 38, 39 корпус 1, 2, 39, 40, 41, 41 корпус 1, 2, 42, 43, 43 корпус 1, 2, 44, 47 корпус

1, 2, 48, 49 корпус 1, 2, 51, 51 корпус 1, 2, 52, 53, 53 корпус 1, 2, 54, 55, 55 корпус 2, 4, 4, 57, 57 корпус 1, 2, 59А, 59а корпус 1, 61-87 (тақ жағы); 22 ықшамауданы – 1, 1а, 2, 4, 5, 18-24, 26, 27 корпус 61, 28-36; Зелинский көшесі – 30 корпус 1, 30 корпус 2, 32, 34, 34 корпус 1, 42-48, 50, 51, 52-61; Суворов көшесі – 9А-156; 2-я Пятилетка көшесі, 1- 50; Заслонов көшесі – 2А, 2, 2 корпус 1, 3, 5, 7, 9; Донская көшесі – 2А - 32; Крымская – 1-12, 14,-28А жұп жағы; Металлистер көшесі – 2А-10А; Фрунзе, 1/2А, 1А-18А; Молдагулова көшесі, Сочинская көшесі, Бородин көшесі, Железнодорожная көшесі, Герцен көшесі, Менделеев көшесі, Морозов көшесі, Карпатская көшесі, Набережная көшесі, Полярная көшесі, Болнинчина көшесі, Почтовая көшесі, Тегральная көшесі, Артельная көшесі, Интернациональная көшесі, Заовражная көшесі, Таймырская көшесі, Златоуская көшесі, Цементная көшесі, Жана-Аульская көшесі, Зеленый лог көшесі, Зеленый лог көшесі 3, Зелений лог көшесі 5, Зеленый лог көшесі 6, малая Садовая көшесі, 713 км көшесі, 710 км көшесі, 711 км көшесі, Тверской тұйық көшесі, Арман көшесі, Сикымбаев көшесі, Кубанская көшесі, Куйбышев көшесі, Спартак көшесі, Уланский тұйық көшесі, Донской тұйық көшесі, Есіл тұйық көшесі, Братский тұйық көшесі, Бедный көшесі, Суриков көшесі, Әуезов көшесі, Вильямс көшесі, Солоничная көшесі, Ох-ранная көшесі, Сторожевая көшесі, Бірлік көшесі, Курганская көшесі, Лазо көшесі, Ново-Сортировочная көшесі, Пожарная көшесі, Чекалина көшесі, Припаштинская көшесі, Распорядительная көшесі, Огородная көшесі, Машинистов көшесі, Толстой көшесі, Маршак көшесі, Маршак тұйық көшесі, Итегровская көшесі, Руд-ничная көшесі, Искры көшесі, Галанте-рейная көшесі, Аккайын көшесі.

Сайлау учаскелері кіреді: 98, 99, 111, 112, 113, 114.

№ 19 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Заслонов көшесі, ғимарат 35а, «№51 мектеп қосымша білім беру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шекаралар: 22 ықшамауданы – 3, 6-17, 25; Металлистер көшесі,18А – 48; Фрунзе көшесі – 21, 21А, 23А, 25А, 27А, 29А, 31А, 33 А, 35 А, 37 А, 39А, 23 ықшамауданы, Коммуна көшесі, Луначарский көшесі, Обухов көшесі, Щербаков көшесі, Павлов көшесі, Василевский көшесі, Жуковский, Иманжанов, Ушинский көшесі, Онежский тұйық көшесі, Рыльский тұйық көшесі, Ражский тұйық көшесі, Неверов көшесі, Лебедев көше-ная көшесі, Мелитопольская көшесі, Луначарский тұйық көшесі, Норильский тұйық көше-сі, Ковалевская көшесі, Черемховская көшесі, Джангильдин көшесі, Мясников көшесі, Каменный карьер, Методическая көшесі, 1-12, 14-18, 20, 22, 24; Заслонов көшесі – 4А, 10, 12, 18, 34, 34/1, 44, 46, 46/1, 50, 50/2, 75; Донская көшесі – 47, 47/1, 49, 52, 52А, Б, 53-55, 57, 59, 61, 63, 66/7, 67 корпус 2, 69, 71; 2-я Пятилетка көшесі – 60, 60/1, 60/2, 62, 82.

Сайлау учаскелері кіреді: 110, 117, 118, 119, 120.

№ 20 сайлау округі
Округтік сайлау комиссиясының орналасқан жері: Павленко көшесі, ғимарат 9А, «№60 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Шекаралар: Глинки көшесі, Пограничная көшесі, Сакко и Ванцетти көшесі, Бокин көшесі, Попов көшесі, Павленко көшесі, Шауямин көшесі, Сер-пен көшесі, Новосибирская көшесі, Же-лезнодорожная көшесі, Тернопольская көшесі, Войнов көшесі, Инертная көше-сі, Матросская көшесі, Королёно көше-сі, Украинская көшесі, Красново көшесі, Ушаков көшесі, Пржевальский көшесі, Старогорняцкая көшесі, Багрицкий кө-шесі, Верещагин көшесі, Толбухин көше-сі, Мир труда көшесі, Декабристов көше-сі, Третьяков көшесі, Удуская көшесі, Хорошинская көшесі, Шота Руставели көшесі, Сухопутная көшесі, Байсөтгова көшесі, Кисловодская көшесі, Пирогов көшесі, Арай көшесі, Расчетная көше-сі, Курильская көшесі, Ардак, Сводная, Широкая, 40 лет ВЛКСМ, Ульяновская, Восточная, Читинская, Циналковский кө-шесі, 21 ықшамауданы, Заславский кө-шесі, 1-17, 28/5; Зелинский көшесі, 1-11, 13, 15-21, 22 корпус 1, 24 корпус 1, 24а, 24 корпус 2, 3, 4, 5, 26 корпус 1, 2, 28, 28 корпус 1,

Өнеркәсіп қуаты артады

Қарағанды облысы – елдің жетекші индустриалды өңірі. Өнеркәсіп өнімінің көлемі аймақ экономикасының жартысын құрайды. Өткен жылы негізгі жұмыс өндірісті жаңғыртуға, өңдеуші сектордағы кәсіпорындарды қолдауға, инвестициялар тарту арқылы жобаларды іске асыруға бағытталды. 2022 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,8 трлн. теңгеден асты.

Өсім өңдеу секторы кәсіпорындарының тұрақты жұмысы есебінен қамтамасыз етілді. Оның үлесі өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінде 75%-ды құрайды. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 2,9 трлн. теңгені құрап, 3,5%-ға өсті.

Түсті металлургияда «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-де тазартылған мыс өндірісін 21,4%-ға ұлғайту есебінен өндіріс көлемі 18,1%-ға өсті. Сондай-ақ, өндірістік көрсеткіштердің өсуі резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіруде – 47,3%-ға, машина жасауда – 35,4%-ға, химия өнеркәсібінде – 3,2%-ға, жеңіл өнеркәсіпте – 1,6%-ға және құрылыс индустриясында 1,5%-ға байқалады.

Өңдеуші саладағы еңбек өнімділігі 3,7%-ға өсті (2022 жылғы ІІІ тоқсанның қорытындысы бойынша).

Облыс өндірушілері әлемнің 40 елінде, оның ішінде, КХР, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, БАӘ, РФ, ЕО және т.б. елдерде тұтынылатын 4 млрд. АҚШ долларынан астам сомаға (2022 жылдың 9 айында) өнім экспорттады. Ел экспортының жалпы көлеміндегі облыстың үлес салмағы шамамен 25%-ды құрап, жетекші орын алды. Негізгі экспорттық тауарлар мыс, жалпақ илек, феррокорытпалар, машина жасау өнімдері, резеңке-техникалық бұйымдар, құрылыс материалдары, жеңіл өнеркәсіп өнімдері, кабель-өткізгіш өнімдері, химия өнеркәсібі өнімдері (карбид, майлау материалдары) және т.б. болып табылады.

Мемлекет инвесторлар үшін барлық жағдай жасады. Жыл сайын инвестиция көлемі артып келеді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша инвестиция көлемі 725 млрд. теңгені құрады. 2021 жылға қарай 10,6%-ға өсті. Негізгі үлес жеке инвестицияларға тиесілі – 92%, бұл біздің облыста жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалар.

2022 жылы 1750 жаңа жұмыс орнын құрумен 216,2 млрд. теңге сомасына 12

жаңа өндіріс іске қосылды.

«Сарыарқа» АЭА аумағында «Altynarna Geosyntetics» ЖШС геомембрана өндіру жобасы іске асырылды. Бұл жобаға 2,7 млрд. теңге салынды. 47 жаңа жұмыс орны құрылды. Зауыттың жобалық қуаттылығы – жылына 6 мың тонна өнім. Іске қосу басталғаннан бері 2,4 мың тонна геомембрана өндірілді.

Нұра ауданында «Шұбаркөл Көмір» АҚ белсендірілген көмір өндірісін жолға қойды. Белсендірілген көмір гидрометаллургияда, алтын өндіруде, фосфат өнеркәсібінде және суды тазартуда кеңінен қолданылады. 360 млн. теңге салынды және 14 жаңа жұмыс орны құрылды. Өндірістің жобалық қуаттылығы жылына 1000 тонна өнімді құрайды.

Ақтоғай ауданында «Борлы» кен орнының жанында «Irkaz Metal Corporation» ЖШС катодты мыс өндіру зауыты ашылды. Жобаға салынған инвестиция көлемі 140 жұмыс орнын құрумен 9,1 млрд. теңгені құрады. Зауыттың өнімділігі жылына 5 мың тоннаға дейін катодты мыс құрайды.

Қарағандыда «Asia FerroAlloys» ЖШС агломерациялық фабрикасы салынды. Жобаның құны – 15 млрд. теңге, 100 жұмыс орны құрылды. Кәсіпорында барлығы 1600-ге жуық адам жұмыс істейді. Жобамен жылына 240 мың тонна агломерат өндіру көзделген.

«YDD Corporation» ЖШС-де ферросилиций өндіретін 4-ші пеш іске қосылды. Жобаға 12 млрд. теңге салынды, 200 жұмыс орны құрылды. Кәсіпорындағы қызметкерлердің жалпы саны 800 адамды құрайды. 4-ші пешті іске қосу арқылы кәсіпорынның ферросилиций өндіру қуаттылығы жылына 50 мың тоннаға өсті.

2022 жылдың желтоқсанында «Нәтиже тәтті» ЖШС ұн кондитерлік өнімдерін шығаратын зауыттың құрылысы аяқталды. Инвестиция көлемі 1,1 млрд. теңгені құрады. 45 жаңа жұмыс орны құрылды. Кәсіпорында тәулігіне 40 тоннаға дейін ұн кондитерлік өнімдерін өндіру жоспар-



лануда.

Қазақстанда алғаш рет шина зауытының құрылысына инвестициялар салынды. 13 желтоқсанда «Саран» индустриялық аймағының аумағында «KamatyresKZ» ЖШС автомобиль шиналарын өндіру бойынша ірі жоба іске қосылды.

Осы уақытқа дейін республика аумағында шиналар өндірілмеген, толығымен шетелден импортталған. Енді жаңа зауыттың қуаттылығы ішкі нарықты шина өнімдерімен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар, шетелге шығуға мүмкіндік береді. Жобаның құны – мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 171 млрд. теңге. Өндірісті білікті кадрлармен қамтамасыз ету жүргізілуде. Саран гуманитарлық-техникалық колледжінің базасында жаңа техникалық мамандықтар ашылды. Студенттер, сонымен қатар, Нижнекамск қаласындағы шина кешенінің зауыттарында қажетті біліктілік пен разряд алу үшін тәжірибеден өтеді.

Осындай ауқымды өндірістерді іске қосу моноқаланың ғана емес, бүкіл облыстың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға ықпал етеді.

Қазақстандық қамтуды дамыту және жергілікті тауар өндірушілерді қолдау бағдарламасы аясында облыстық аялмалардың айналасында шағын және орта бизнес кәсіпорындарының белдеуін құру бойынша жұмыс жалғасуда.

Мәселен, 2022 жылдың 9 айында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ және «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС қолдауымен 37 кәсіпорын шоғырландырылып, аутсорсингке шығарылды. Олармен 44,3



алдындағы медициналық куәландыруды (құрылыс саласына көбірек қатысты) жүргізе бермейді.

Өндірістік жарақаттануды төмендету жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасында өндірістік жарақаттануды және еңбек жағдайлары зиянды жұмыс орындарын азайту жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған Жол картасымен және Қарағанды облысында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған «Қауіпсіз еңбек» бағдарламасы шеңберінде құрылады.

Өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету бойынша жағдайды жақсарту үшін 19 кәсіпорында тапсырыс берушімен мердігерге дейін тікелей бақылау енгізілді. Сондай-ақ, кәсіптік тәуекелдерді басқарудың заманауи жүйесін енгізу мақсатында облыстың 162 ірі кәсіпорны Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі халықаралық және ұлттық стандарттарын (OHSAS 18001, ХЕУ-АҚК) енгізді. 10 кәсіпорын Vision Zero бағдарламасына қатысады, 35 кәсіпорында «Халықтық бақылау» жобасы енгізілді.

Еңбекті қорғау талаптарын қамтамасыз ету, өндірістік жарақаттанудың және

млрд. теңгеге шарт жасалды.

Жүйе құраушы кәсіпорындармен қазақстандық қамтуды дамыту бойынша өзара ынтымақтастық туралы жасалған меморандумдар аясында облыстың 139,4 млрд. теңгеге 77 кәсіпорны тапсырыспен қамтамасыз етілді.

Алдағы жылға арналған жоспарларға келетін болсақ, өнеркәсіптік өндірістің 1,6% деңгейінде, оның ішінде, өңдеу өнеркәсібінде 2%-ға өсуін қамтамасыз ету жоспарлануда.

Облыстың инвестициялық климаты орасан зор шикізат базасын ескере отырып, болашағы зор әрі инвесторлар үшін тартымды болып қала бермек.

Осылайша, тартылған инвестициялық қаражат көлемі кемінде 792 млрд. теңгені құрайды.

Өнірде 163,9 млрд. теңгеге 11 инвестициялық жоба іске асырылатын болады. Жобалардың арқасында 2257 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Осакаров ауданындағы «Сарыопан» кен орнында 1-сұрыпты әк өндіретін зауыттың құрылысы аяқталады. Жобаға 20 млрд. теңге салынады. Оған 105 адам тартылады. Кен орнында жылына 300 мың тонна әк өндіретін жобалық қуаттылықты қамтамасыз ету жоспарлануда.

«Шұбаркөл Көмір» АҚ кәсіпорны арнайы кокс өндірісі бойынша жобаны іске асыратын болады. Жобаның жалпы құны шамамен 40 млрд. теңгені құрайды. 180 жаңа жұмыс орнын құру жоспарлануда.

Өнірдегі өнеркәсіпті дамыту процесінде моноқалаларды дамытуға және тоқтатылған кәсіпорындарды жандандыруға ерекше назар аударылады. Бұрынғы РТБ зауытының бар инфрақұрылымын ескере отырып, біз өнеркәсіптік алаңдар мен дайын өндірістік үй-жайлар кешенін құрадамыз.

Осындай жобалардың бірі Саран қаласындағы «Silk Road Electronics» ЖШС тұрмыстық техника зауытының құрылысы болды. 2022 жылғы 22 желтоқсанда аталған зауыттың құрылысы басталды. Жобаның құны 24 млрд. теңгені құрайды. Бұл жобаны іске асыру әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін жақсартуға және 1200-ге жуық адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Персоналдың даярлау үшін Шахтинск техникалық колледжімен шарт жасалды, оның негізінде кейіннен жұмысқа орналаса отырып оқыту жүзеге асырылатын болады. Зауыттың жобалық қуаттылығы 1 миллионнан астам өнім бірлігін құрайды. Оның ішінде теледидарлар, шаңсорғыштар, қысқатолқынды пештер, ас үй сорғыштары, су жылытқыштар және кір жуғыш машиналар бар.

«Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының аумағында да жобаларды іске асыру жалғасуда. 2023 жылы мұнда 2 жаңа зауыт ашылады: «Бүркіт» БК» ЖШС өнеркәсіптік жарылғыш заттар және «LITEYSNIK» ЖШС гофрленген құбырлар мен пластиктен жасалған бұйымдарды өндіру зауыты.

Сонымен қатар, облыста минералды-шикізат базасын кеңейту негізінде жаңа өндірістер құру әлеуеті бар.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысы бойынша мемлекет теңгерімінде 7 млн. тонна баланстық қоры бар 29 мыс кен орны, 332 тонна баланстық қоры бар 28 алтын, 5 млн. тонна кен қоры бар 12 полиметалл, 6 млн. тонна қоры бар 8 марганец кен орны, 227 млн. тонна қоры бар 6 темір кен орны және жалпы қоры 2,8 млн. тонна кенді құрайтын 15 сирек кездесетін металл кен орны бар.

Облыс аумағында тас және қоңыр көмірдің едәуір қоры шоғырланған – 11,2 млрд. тонна. Мұнда дәстүрлі түрде республикалық көлемдегі көмірдің үштен бірі және кокстелетін маркалы көмірдің барлығы өндіріледі. Қарағанды көмір бассейні республиканың металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары үшін кокстелетін көмірдің негізгі жеткізушісі болып табылады. Қазіргі уақытта облыста 10 шахта және 13-тен астам разрез жұмыс істейді. Өткен жылы олар 36 млн. тонна көмір өндірі.

Пайдалы қазбалар қорларының негізгі көлемі игерілетін және игеруге дайындалған кен орындарында орналасқан: мыс – Нұрқазған, Қоңырат, Саяқ тобы; алтын – Көкташжал, Долинное, Пустынное, темір кені – Кентөбе, Бапы, сирек металдар – Жоғарғы Қайрақты, Солтүстік Қатпар, Көктенкөл, Қараоба.

Осылайша, Қарағанды облысы өндірістен бастап бастапқы және қайталама өңдеуге дейінгі өнім өндірудің барлық циклін қолдауға және қамтамасыз етуге маманданған өнеркәсіптік өңір болып қала береді. Соңғы жылдары біртәуір жаңа кәсіпорындардың іске қосылуының арқасында бұл мамандандыру тереңдей түсті.

Тұтастай алғанда, индустриялық саясат сабақтастықты сақтайды және өңдеуші өнеркәсіптің ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсекесіне қабілеттілігін ынталандыруға бағытталатын болады.

Қарағанды облысының индустриялық дамуы бойынша жұмыстар жалғасуда.

Әскербек ХАЛТОНОВ,
облыстың өнеркәсіп және
индустриялық-инновациялық
даму басқармасының басшысы

Тұрақтылық – еңбек құқығының сақталуында

Қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы өзара қарым-қатынас, тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ, еңбек саласындағы құқық пен бостандықты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі реттейді. Оның міндеті – еңбек қатынастары тараптарының мүдделерінің теңгеріміне, әлеуметтік тұрақтылыққа, қоғамдық келісімге қол жеткізуге бағытталған қажетті құқықтық жағдайлар жасау.

Өткен жылы басқармаға азаматтардан еңбек заңнамасын бұзуға қатысты 3 637 (2021 жылы – 4434) өтініш түсті. Оның негізінде өңір кәсіпорындарында 718 тексеру жүргізілді, сондай-ақ, Сәтбаев қаласындағы Жоласушылар автокөлік кәсіпорны «Трансо Express» ЖШС филиалы, «Трансо Balkhash» ЖШС, «Трансо Jezz» ЖШС, «Карцемент» АҚ, «Строймет» ЖШС, «Nova Цинк» ЖШС, «Жайремский ГОК» АҚ, «Шұбаркөл Көмір» ЖШС, «Ремэкология» ЖШС кәсіпорнында профикалтикалық бақылау жүргізілді. Тексеру қорытындысы бойынша 509 бұзушылық анықталды және жойылды. Оның ішінде еңбек қатынастары бойынша 408, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 99 және халықты жұмыспен қамту бойынша екі факт бар. Сондай-ақ, 93 заңды және лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде жұмыс берушілерге жалақыны кешіктіру және төлемсеу бойынша 46 әкімшілік жаза қолданылды, салынған айыппұлдың жалпы сомасы – 20,2 млн. теңге.

Еңбек қатынастарын құқықтық реттеудің негізгі қағидағтарының бірі – әрбір қызметкердің уақытылы және толық көлемде төленетін жалақы құқығын қамтамасыз ету. 2022 жылғы 1 қаңтардағы жалақы бойынша банкрот-кәсіпорын «Ирбис KZ» ЖШС 31 қызметкеріне 5,6 млн. теңге берешек. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде жалақы бойынша берешек толығымен өтелді.

Қазіргі уақытта мемлекеттік еңбек ин-

спекторларының актілері (жұмыс берушінің жалақы төлеуі туралы нұсқама) «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті күшке ие.

Қауіпсіздік техникасын сақтау – жұмыс берушінің қызметкердің өзінің еңбек міндеттерін орындау барысында қауіпсіз жағдай жасауға бағытталған іс-шаралар кешені. Былтыр 153 жазатайым оқиға болды (2021 жылы – 199). алдыңғы жылмен салыстырғанда 23,1%-ға төмендеді. Онда 180 адам зардап шекті, бұл 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24,4%-ға төмен. (2021 жылы – 238 адам). Оның ішінде 28 адам қайтыс болды (2021 – 37 адам). Жазатайым оқиғалардың басым бөлігі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС сияқты ірі кәсіпорындарда тіркелген. Жүргізілген талдау жазатайым оқиғалардың негізгі себептері жабдықты жаңғырту бойынша жұмыстың жеткіліксіздігі екендігін көрсетеді (8 шахтаның тек екеуінде – Қазақстан шахтасы және Т.Күзембаев атындағы шахтада жерасты бейнебақылау жүйесін пайдаланады). Жұмыс беруші жұмыс өндірісін дұрыс ұйымдастырмайды. Өндірістегі жазатайым оқиғалар көбінесе жұмыс өтілі 3 жылға толмайтын (42%) және 55 жастан асқан қызметкерлерде 57% болады. Барлық жұмыс берушілер міндетті, мерзімді (еңбек қызметі барысында) медициналық тексерулерді және қызметкерлерді ауысым

гандарды шақыра отырып, бірлескен іс-қимылдарды әзірлеу жөнінде тұрақты негізде кеңестер өткізіледі. Осыған байланысты, еңбек даулары туындаған кезде, ҚР қолданыстағы заңнамасы шеңберінде қызметкерлердің жұмыс берушіге жүгінуге құқығы бар, олар өз кезегінде дауды қарауға және қабылданған шешім туралы қызметкерлерді хабардар етуге міндетті.

Ұжымдық шарттар ерекше роль атқарады. Ұжымдық шарттың нормалары өндірістің салалық ерекшеліктері ескерілетін және қызметкерлердің жағдайын жақсартуға, әлеуметтік қауіпсіздік деңгейін арттыруға мүмкіндік беретін орталықтандырылған ережелерге қосымша ретінде қызмет етеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша мониторингте 5340 ұжымдық шарт бар. Оның ішінде, 135 ірі кәсіпорында (100%), 376 орта кәсіпорында (100%), 4 829 шағын кәсіпорында (22,2%).

Еңбек нарығы белсенді цифрландырылуда. Электрондық еңбек шарттары дәстүрлі еңбек шартының нысанына қосымша опция болып табылады. 2023 жылдың 1 қаңтардағы жағдай бойынша 25 486 (95,8%) кәсіпорында 415 585 (102,8%) электрондық еңбек шарттары тіркелген.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде Instagram, Facebook әлеуметтік желілерінде онлайн тікелей эфирлер өткізудің тиісті кестесі бекітілді. 2022 жылы 16 тікелей эфир өткізілді. Онда интернет қолданушылары онлайн-трансляциялар барысында түсініктемелер қалдырады және бірден жауап алатын қызықтыратын сұрақтар қояды.

Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасы нормаларының сақталуын бақылау, сондай-ақ өндірістік жарақаттануды азайту жөніндегі шараларды күшейту басқарманың биылғы басты мақсаттарының бірі болып қала береді. Қорытындылай келе, азаматтардың еңбек құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттік кепілдіктерін белгілеу, қойлайы еңбек жағдайларын жасау, қызметкерлер мен жұмыс берушілердің құқықтары мен мүдделерін қорғау Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының мақсаты болып табылатынын атап өткім келеді.

Ирина ЛЮБАРСКАЯ,
бас мемлекеттік еңбек инспекторы –
облыстың еңбек инспекциясы
жөніндегі басқарма басшысы



● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Атқарылған іс аз емес, алда үлкен міндет бар

Облыс аумағында 15 конфессияны, 53 шетелдік миссионерді құрайтын 280 діни бірлестік жұмыс істейді, олар өз қызметін Қазақстан Республикасының дін саласындағы заңнама нормаларының аясында жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдардың жергілікті діни бірлестіктермен өзара қарым-қатынас жасауы мақсатында облыста Діни бірлестіктер клубы құрылды, клуб мүшелері оның жұмысына белсенді қатысады.

Басқарма өткен жылы клубтың 8 отырысын өткізді, оның барысында зайырлы Қазақстандағы діннің функцияларын түсіну, қоғамдық сананы жаңғырту үдерістеріндегі дін мен діни мәдениеттің ролі туралы өзекті мәселелер талқыланды.

2022 жылы басқарма тарапынан Қазақстан Республикасында діни экстремизмге және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның негізгі бағыттарын жүзеге асыру аясындағы мақсатты оңалту және ақпараттық-алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Бұқаралық ақпарат құралдары (мерзімді баспа басылымдары, теледидар), әртүрлі іс-шаралар (тікелей эфирлер, акциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер) өткізу, әлеуметтік желілерде (облыс бойынша 60 аккаунт және 1 Telegram-bot) қарсы насихаттау материалдарын тарату арқылы тұрғындар арасындағы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүзеге асырылады.

Халықтың әртүрлі санаттары (жұмыспен қамтылғандар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, еңбек ұжымдары, жастар, жұмыссыздар, сотталғандар және т.б.) арасында әртүрлі форматтағы ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары өткізілуде.

Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша облыс бойынша 4184 ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы ұйымдастырылып, оған 224 мыңнан астам адам қатысты.

Сонымен бірге, басқарма тарапынан республикалық деңгейдегі сарапшыларды және Парламент Мәжілісінің депутаттарын тарта отырып, теологтар, имамдарға, ҚМДБ қызметшілеріне, психологтарға, ақпараттық-түсіндіру тобының

мүшелеріне, журналистерге, облыстың қалалары мен аудандарының ІСБ, КММ, ЖРО мамандарына арналған тұрақты негіздегі семинар-тренингтер өткізілді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс жолға қойылған. Облыстық және өңірлік телеарналарда тақырыптық бағдарламалар шығару ұйымдастырылған. Мерзімді баспа басылымдарында тұрақты негізде діни тақырыптағы материалдарды жариялайтын журналистер пулы құрылды.

Журналистерді ынталандыру үшін басқарма олардың арасында «Дін саласы және діни экстремизмнің алдын алу мәселелерінің бұқаралық ақпарат құралдарындағы үздік жарияланымы» байқауын жыл сайын өткізеді, жеңімпаздар дипломдармен және ақшалай сертификаттармен марапатталады. Жалпы жүлде қоры 900 мың теңгені құрады.

Мәселен, өткен жылы байқауға қатысуға облыстың түпкір-түпкірінен баспасөз және телевизия журналистерінің 11 өтінімі қаралды. Үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия отырысының нәтижесінде «ТВ үздік репортаж», «Интернет БАҚ-тағы үздік материал», «Мерзімді баспа басылымындағы үздік мақала» номинациялары бойынша 7 жеңімпаз анықталды.

Сонымен қатар, басқарма тарапынан қарсы насихаттау сипатындағы бейнежазбалар жыл сайын жасалады, 2022 жылы басқарманың әлеуметтік мемлекеттік тапсырысы бойынша деструктивті діни ағымдар идеологиясының таралуының алдын алуға, зайырлылық ұғымдарын түсіндіруге және т.б. бағытталған 18 бейнежазба жасалды.

Бұдан басқа, ведомстволық бағыныстағы «Қарағанды облысының конфессияралық қатынастары проблемаларын зерттеу және талдау орталығы» КММ қызметкерлері қарсы насихаттау сипатындағы қысқаметражды бейнежазбалар дайындап (псевдосалафиттердің бұрыны



әйелдерінің сөзі, «Жусан» арнайы операциясы бойынша әскери қақтығыс аймақтарынан оралған және діни экстремизм үшін сотталған әйелдердің өкініші мен өкінуі), оларды әлеуметтік желілерде («Instagram», «VK», «Facebook», «TikTok»), «WhatsApp» мессенджерінде және «Youtube» бейнехостингінде белсенді түрде таратты.

Діни экстремизм мен терроризмге қарсы насихаттау және оның алдын алу мақсатында 2022 жылы жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет-ресурстарда 419 мақала, 8 телехабар шығарылымы, 24 жаналықтар сюжеті, 3566 қарсы насихаттау материалы (барлығы 14130 жарияланым) жарияланды.

Басқарма интернетте радикалды діни контенттің таралуына жол бермеу мақсатында «Аналитикалық интернет картасы» арқылы әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізеді.

Аталған жүйені енгізу тиімділігінен әлеуметтік желілерде жүргізілетін мониторинг жұмысы 2020 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде интернетте діни деструктивті ағымдардың материалдарын оқып, тарататын пайдаланушылардың санын 10 865 адамға дейін азайтуға мүмкіндік берді (2020 жылы – 25 742, 2021 жылғы желтоқсанда – 18 834 адам).

Дін саласындағы заңнаманы бұзған 43 әкімшілік құқық бұзушылық факті анықталды, оның ішінде 13 материал сотқа жолданды, 23 материал мерзімі өт-

кендіктен тоқтатылды, 3 материал діни сараптама жүргізу үшін Дін істері комитетіне жолданды, 4 материалға қатысты ҚР ӘҚБК 490-бабы 1-бөлігінің 3-тармағы және 453-бабының 3-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы 466 592 теңге сомасына айыппұл салынды.

Теологтар мен үкіметтік емес ұйымдардың мүмкіндіктері арқылы деструктивті діни ағымдардың өкілдерін радикалсыздандыру басқарма қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Сонымен бірге, ДДА ұстанатындармен жеке және топтық іс-шараларды өткізуге тәжірибелі сарапшылар қатысады, бұл оңалту жұмыстарының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Басқарма тарапынан алдын алу іс-шараларын өткізудің жаңа форматы ретінде білім беру және тіл оқыту курстары, аспаздық шеберлік сыныптары, шағын футбол мен волейболдан «BIRLIK – 2022» турнирлері, отбасылық тимбилдингтер, «Sister’s party», белгілі республикалық исламтанушылардың (Ризабек Батталов, Қабылбек Әліпбайұлы) және теологтардың (Оңғаров Ершат, Шоканұлы Сансызбай, Абдуали Бауыржан) қатысуымен дастархан басындағы (Рамазан, Мәуліт) көпшілік іс-шаралары ұйымдастырылды.

2022 жылы өткізілген түрлі форматтағы жаңа топтық іс-шаралардың ДДА ұстанатындар санының азаюына оң әсерін тигізгені тәжірибе барысында көрінді және ағымдағы жылы бұл бағыттағы жұмыс күшейтіледі.

Жалпы, соңғы үш жылда облыс бойынша деструктивті діни ағымдарды ұстанатындар санының айтарлықтай азайғаны байқалады.

Сонымен қатар, «Жусан» гуманитарлық операциясы аясында әскери белсенді аймақтардан оралған отбасылар ерекше бақылауға алынған. Бүгінгі күні облыста 7 әйел (оның 2-уі Көксун кентіндегі АҚ-159/9 мекемесінде жазасын өтеуде) және 20 бала тұрады. Барлық әйелдер мен балалар әлеуметтік қолдау шараларымен қамтылған:

– Қарағанды қаласы (4 әйел, 16 бала,

оның 2-уі жетім);

– Бұқар жырау ауданы (1 әйел, 4 бала). Жалпы, өңірдегі діни ахуал тұрақты. Мұны 2022 жылы жүргізілген «Қарағанды облысындағы діни ахуал туралы» атты әлеуметтік зерттеудің нәтижесі дәлелдейді.

Зерттеу мәліметтеріне сәйкес тұрғындардың діншілдігінің қарқынды өсімі байқалады, діншілдер мен дінге сенбейтіндер арасындағы қарым-қатынас диалог және ынтымақтастық сипатында, басқа діни көзқарастағылардың діни сеніміне деген өзара құрмет байқалады.

Әлеуметтік зерттеудің екі өлшемінің салыстырмалы талдауы Қарағанды облысындағы діни ахуал тұрақты түрде қолайлы деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді – 80%.

Сауалнамаға қатысқан Қарағанды облысы тұрғындарының 63%-ы мемлекеттің зайырлылық қағидаттарын қолдайды.

Сонымен қатар, облыс тұрғындары мемлекет дамуының зайырлылық қағидаттарын (63%) қолдайды және дін саласындағы конституциялық құқықтарды кепілді пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдардың қызметін жоғары бағалайды.

Бірінші өлшеммен екінші өлшемге дейінгі динамикалық өзгерістердің салыстырмалы талдауы өңірдегі діни ахуалды зерттеудің толық көрінісін алуға мүмкіндік береді.

Алынған деректер негізінде облыстың қалалары мен аудандары бойынша дін саласындағы өзекті мәселелер жөніндегі мақсатты ұсынымдар дайындалды және тұрғындардың нысаналы санаттары арасында ақпараттық-түсіндіру және алдын алу жұмыстарын одан әрі тиімді жүргізудің стратегиясы әзірленді.

Жалпы, басқарманың жұмысы Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын жүзеге асыру аясындағы 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыру жалғасады.

Ғалымжан САДУОВ,
облыстың дін істері
басқармасы басшысының м.а

● ТІЛ – ТҰҒЫР

Зейнеткерлер де қазақ тілін үйреніп жүр

Тілді қай жаста, қашаннан бастап үйренген дұрыс? Бұған біржақты жауап беру қиын. Тіл үйренудің қатып қалған ережесі жоқ, тіпті жас кезінде үйрене алмағандар егде жаста да қолға алуына болады.



Ең қызығы, егде жастағылар тіл үйрене отырып, денсаулығын түзеп жатқанын аңғармайтын да болар? Ғалымдар қартайғанда ми қызметін дұрыстап, альцгеймер сияқты аурулардың алдын алудың жолы ретінде сөзтізбек пен сөзжұмбақ шешу, шахмат ойнау, кесте тоқу, тіл үйрену, кітап оқуды әдетке айналдыруды ұсынады. Миды үнемі шынықтырып отырамын десеңіз, осының ішінде тіл үйренудің маңызы өте зор. Өз қалауымен бір тілді үйреніп бастаған адам соны үйренгенше тыным таппайды. Іс-әрекетін ой елегінен өткізіп, мидағы ақпаратты жүйелейді. Жаңа сөз үйренеді, үйренгенінің басын қосып тіркестіріп, сөйлемге айналдырады. Сұхбатқа қатысу үшін сұраққа жауап береді және өзі сұрақ қояды. Осының бәрі қартайған адамның ми жұмысын жақсартуға елеулі септігін тигізетінін психологист ғалымдар да, дәрігерлер де көптен бері айтып жүр.

Тіл үйренуді әр жастағылар әртүрлі қабылдайды. Бәріне бір үйретуші дәріс бергенмен, қабылдауы әртүрлі. Мәселен, Эдинбург университетінің профессоры Антонелла Сорас былай дейді: «Кішкентай балалар назарын бір жерге аударып ұзақ отыра алмайды, оларды когнитивті бақылау жаман есте сақтау қабілеті де жақсы деңгейде болмайды. Ал, ересектерге бұл әдіс тиімді әрі жеңіл. Яғни, жасы келе адамның жақсаратын да қабілеттері болады». Міне, осы қабілетінің арқасында үлкен адамдар естіген ақпаратты ұзағырақ есте сақтайды. Ми қабатының қыртысында қалып қойған сөздердің басын құрап, сөйлеп кетуге талпынады.

Осы орайда жасы келгенмен, әлі де белсенділігін жоғалтпай, қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқан үлкендер де бар екенін айта кетуді жөн көрдік. Қалалық мәдениет бөлімі жанынан ашылған «Шырақ» тілдерді оқыту орталығы тарапынан ұйымдастырылған оқыту курстарына егде жастағы тыңдаушылар да қатысады. Олар курсқа өз қалауымен келіпті. Мәселен, бір

топта ұлты неміс, 84 жастағы апай оқыды. Ал, келесі бір топта орыс ұлтының өкілі, 71 жастағы апай тыңдаушылар қатарында отырды. Біздің ойымызша, Қарағанды облысы бойынша ең егде жастағы тіл үйренуші осы 84 жастағы Марина апай болған шығар?

Жасы келген адамдардың тіл үйренуге деген талпынысы, ниеті баршамызды тәңгі етті. Қазақстанда тұрып жатқан соң мемлекеттік тілді үйренемін деп курсқа жазылу – жастарға үлгі боларлық қадам. Кезінде Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде профессор Жамбыл Сәулебекұлымен қатар қызмет атқарып, оқытушы болған апайдың құлағы сәл тосаң еститіні болмаса, әлі де тың. Тіл үйренуге деген құлшынысы керемет. Жазуы маржандай, қазақ тілінде өте ұқыпты жазуға тырысады. Сұхбаттасқанда ұнатады. 84 жастағы Марина Яковлевна апамызға тіл үйрету де, үйрену де оңайға соққан жоқ. Әйтсе де, оқытушының бай тәжірибесі мен апайдың ерік-жігерінің арқасында мемлекеттік тілді тұрмыстық деңгейде меңгере алды.

71 жастағы Юрова Вера Владимировна болса, ісқағазын жүргізуші болып қызмет атқарған екен. Айтқандайын, Вера апайдың тіл үйрету курсына қатысуы бірінші рет емес. Сәл ертеректе де курсқа қатысып, қазақ тілін үйренуге ынталы екенін көрсеткен. Араға жылдар салып, қайта курсқа келген апайдың сөздік қоры

қомақты. Сөйлем құрауға қажетті грамматикалық формаларды да жақсы біледі. Апайға жетпейтіні, тілдік орта, күн сайын сөйлесетін адам керек. Бір-екі мәрте апаймен жарты сағаттай таза қазақ тілінде сұхбат құрғанда байқағаным, асықпай, баппен сөйлесе, әжептәуір деңгейде сөйлесе алады екен.

Екі апайдың тілін сындырған Әсия Смыкова әріптесімнің еңбегі зор. Үлкен кісілердің тілін тауып, оларды жалықтырмай, ұтымды әдіс-тәсілмен үйрете білді. Бір-екеуін ғана мысалға алғанымызбен, «Шырақ» тілдерді оқыту орталығында өткен жылдың екінші жартысында ұйымдастырылған топтарда жасы алпысты алқымдай қалған тыңдаушылар болды. Бір байқағанымыз, егде жастағы тіл үйренушілердің мақсаты айқын. Курсты мүмкіндігінше босатпай қатысуға тырысады. Кезіндегі темірдей тәртіптің адамдары екені байқалады. Оның үстіне, алаңдайтын жұмысы жоқ, зейнет жасындағы адамдар болғаннан кейін де, сабақтан қалмай қатысуға тырысады.

Тіл үйренуге жас ерекшелігі кедергі емес. Олай болса, қай жаста да тіл үйренуді бастап кетуге болатынына үлкен кісілердің тәжірибесінен көзіміз анық жеткендей болды.

Жұпар ЖАҚАН,
Ресурстық тіл орталығының бөлім
менгерушісі

● САЛТАНАТ

Жеңіс солдатты - 100 жаста

20 қаңтарда Қарағандыда ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебінде Ұлы Отан соғысының ардагері Сұңғат Сәттіғұловтың 100 жасқа толуына арналған салтанат болып өтті. Оны ұйымдастырып, өткізуге мұрындық болған қаладағы Әлихан Бөкейхан аудандық ардагерлер кеңесі мен әскери мектеп ұжымы.



Салтанатты шараны құттықтау сөзбен ардагерлер кеңесінің төрағасы, отставкадағы полковник Марат Аймағанбетов ашып, жүз жасаған қазақтың қайсар жауынгерінің өмір жолы туралы баяндады. Сұңғат Смағұлұлы 1941 жылдың соңында өзі тіленіп, әскер қатарына алынады да әскери даярлықтан өткеннен кейін 1942 жылдың жазында Сталинград түбіндегі қиян-кескі ұрыстарға қатысады.Еділ бойындағы берік қамалға айналған қаланы қорғауда өзге де қазақстандық жерлес жауынгерлермен бірге жан алысып, жан беріседі. 1943 жылы ауыр жаранат алып, біраз уақыт қатардан шығып қалады. Госпитальде емделіп шыққаннан кейін жаужүрек жауынгер қайтадан алғы шептен табылады. Туысқан Беларусь халқының астанасы Минск қаласын жаудан азат етуге қатысады. Оның жауынгерлік ерліктерінің куәсі ретінде кеудесінде «Жауынгерлік еңбегі үшін» («За боевые заслуги»), «Сталинградты қорғағаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдары мен II дәрежелі Отан соғысы ордені мен Ұлы Жеңістің бірнеше мерейтойлық медальдары жарқырайды. Соғыстан кейін құрылыс техникамын бітіріп, সেолық құрылыс саласында жемісті еңбек етеді.

Мұнан кейін ардагерді қалалық мәслихат хатшысы Құдайберген Бексұлтанов, аудандық әскери комиссар Нұрлан Әбіkenov,

қалалық әкімдік өкілдері, Қарағанды қалалық және қаладағы Қазыбек би аудандық ардагерлер кеңесінің төрағалары Ғабит Тұжов пен Тілеубек Камалиев құттықтап, тарту-таралғы жасады.

Облыстық ардагерлер кеңесінің сыйсияпаты қомақты болды. Кеңес төрағасының орынбасары Жазыкен Томпиев облыс әкімі мен мәслихатының атынан мерейтой иесіне Қарағанды облысының Құрмет грамотасын және ардагерлер кеңесі президиумының шешімімен «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» төсбелгісін және Құттықтау адресін табыс етіп, ақшалай сыйлық берді, иығына оқалы шапан жапты.

Құттықтаулар легі мұнан кейін де толастамай өнерпаз жастар мен ардагерлердің «Надежда» хоры ән мен күйден шашу шашты. Әсіресе Майқұдық мәдениет үйінің әншілері Гүлден Мақшоновна шырқаған «Қазақ вальсі» мен «Гәк-ку», жас талант Марат Ерденнің М.Магомаев мәнерінде орындаған «О, море, море!» әндері жиналған қауымның құлақ құрышын қандырды.

Салтанаттың соңында жүзге келген абыз ақсақал атылық алғысын айтып, жас ұрпаққа бейбіт аспан, бақытты ғұмыр тіледі.

Аман ЖАНҒОЖИН,
облыстық ардагерлер кеңесінің
жауапты хатшысы



• БАЙҚАУ

Топқа түсіп, туризмді дамыт

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 8-11-сынып оқушылары мен колледж студенттерін «Үздік экскурсия жетекшісі – 2023» байқауына қатысуға шақырады. Аталған іс-шараның қорытынды кеші 21 ақпанда бүкіл әлемде атап өтілетін Экскурсия жетекшісі күніне орай-ластырылып отыр.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Байқауға қатысушылар еліміздің терең тарихын, қызықты географиясын және мәдениетін жақсы білуі, жұрт алдында қобалжымай өзі білетін ақпаратты сенімді жеткізуі тиіс. Киім киісі мен жүріс-тұрысы да өзіне жарасып тұруы шарт.

Үміткерлер «Мұражай экспозициясы бойынша экскурсия» және «Бір жәдігер тарихы» атты екі номинацияға қатысуы міндетті.

– Қазақстан туризмді дамытуға ыңғайлы әрі тарихи орындарға бай мемлекет болғандықтан, осы бағыттағы мамандықтарға болашақта сұраныс артады. Қазірдің өзінде елімізге жыл сайын мыңдаған турист келеді. Ол үшін бұл саланы көбірек насихаттап, жастардың қызығушылығын ояту – өте маңызды, – дейді ұйымдастырушылар.

Ал, педагог мамандар үшін байқауға қатысушыларды дайындау бойынша онлайн-кеңес ұйымдастырылады. Онда байқау үміткерлеріне шарттарды түсіндіру тәртібі кеңінен таныстырылып, толық мәлімет беріледі.

Өтінімдер 15 ақпанға дейін museumkz@mail.ru. электрондық пошта арқылы қабылданады.

Арнайы бекітілген қазылар алқасы әр номинация бойынша үш жеңімпазды анықтап, жүлде табыстайды.

Анықтама телефоны:
(8-7212) 56-45-63.

• ВОЛЕЙБОЛ

Қайта жаңғырған волейбол біріншілігі

Петропавл қаласының облыстық кәсіптік педагогикалық колледжінде Ұлттық ұлан әскерлерінің арасында волейбол спортынан біріншілік өтті. 15 жылдан кейін қайта жаңғырған жарысқа Орталық өңірлік қолбасшылығының Петропавл, Көкшетау, Теміртау, Степногорск, Қарағанды қалаларында орналасқан жеті команда қатысты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Екі күнге созылған спорт додасы тартысты өтті. Командалар өз шеберлігін

• МҰРАТ ӘУЕЗОВ – 80 ЖАСТА

Әке жолын жалғаған

Ұлт тарихы мен әдебиетті, өнер мен мәдениетті зерделеп жүрген көрнекті ғалым Мұрат Әуезовтің 80 жылдығына арналған «Мұрат Әуездің мәдени мұрасы» атты безендірілген кітап экспозициясы Н.Тоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың оқу залында ашылды. Кітапхана қызметкерлері мерейтой иесінің өмірі мен ғылыми-шығармашылығын қамтитын көрмеге әдеби шолу жасап, бейнежазба түрде ықшамдап, көрермен назарына ұсынды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көрмеге Мұрат Әуездің әр жылдары жарық көрген еңбектері, мақалалары, ол туралы басылымдар қойылған.

Қоғам және мемлекет қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуезовтің «Ділім» атты кітабына әр жылдардағы мақалалары, түрлі басылымдарға берген сұхбаттары республикалық және халықаралық симпозиумдарда жасаған баяндамалары мен ой-пікірлері топтастырылған. Кітапта автор еліміздегі қоғамдық-саяси және әлеуметтік мәселелер, қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайлар, жаһандану үдерісінің жай-күйі жайында ой өрбітеді.

«Времён связущая нить» еңбегінде ғылыми мақалалар, ұлттық әдебиетті зерттеу және мәдени интеграция мәселелері, эсселері, саяхат-очерктері, күнделіктер мен сұхбаттар жинақталған. Аталған кітап жайлы Мұрат Әуезов: «Әкем Алаш-ордашылармен де аралас-құралас болды. Мені бірінші сыныпқа өзі жетектеп апарғаны әлі есімде. Әкеден алған тәрбиемді, білген-түйгенімді осы кітапқа сыйғызуға тырыстым. Мұрат Әуезовті осы еңбектен іздеуге болады» депті.

«Өнегелі өмір» сериясымен жарық көрген келесі кітап академик Мұрат Мұхтарұлының 75 жылдығына арналған. Жинақта көрнекті тұлғаның болмысын ашып көрсетіп, шығармашылық-ғылыми қуатын талдауға талпыныс жасаған замандастарының ой-



пікірі, фотоматериалдар топтастырылған.

1960 жылы ұлттық мүддені насихаттаған «Жас тұлпар» ағартушылық тобын құрып, «Невада-Семей» қозғалысының бастауында тұрған ғалым жөнінде мерзімді басылым беттерінде жарыса жазылды. Мәселен, 2023 жылдың 9 қаңтарында «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Алаш күресін жалғастырған» атты мақала сөзімізге дәлел. Онда әке атына кір келтірмеуді мақсат етіп, қоғамның белді азаматы ретінде танылған, арғы атасы Әуез, бергі

ры» атты мақаласы көрмеде ерекше көзге түседі. Мақала Мұхтар Әуезовтің жүрегін жарып шыққан шуақты ойларының жолын жалғаушы ұлы Мұрат Әуезге жеткізген көрінісін суреттейді. Сондай-ақ, «Мәдениет» журналына шыққан «Мұраттың биік мұраты» атты мақала да бөлек мәнге ие. Мұнда «Ділім» еңбегі хақында Дулат Исабековтің пікірі айтылады.

Қызығушылық танытқан әр оқырман кітапханаға келіп, әдебиеттермен жақын танысуына болады.

• ТЕАТР

Жаңа маусымға тың дайындықпен

Өткен жылдың соңында К.Станиславский атындағы облыстық орыс драма театрының ұжымы спектакльдерге қатысуға сыйлық сертификаттарын сатылымға енгізді. Ал, театр әкімшілігі Алматыдағы «Креативті индустрия» апталығына қатысты. 2023 жылға арналған жоспар да жөк емес.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Күзде, 92 театр маусымы қарсаңында театр репертуары жаңа комедиялармен толысқан. Ақпан айында Денис Цветковтың сахналауымен «Бонинг-Бонинг» спектаклінің премьерасы болады деп күтілуде. Жанры – комедия, сюжеті үш стюардессамен кездесетін ер адам маңайында өрбиді.

– 2022 жылды жақсы аяқтадық. Театр пандемиядан кейін бір сілкініп алды. Театрдың кірісі де қуантады. Театр – экономи-

калық тұрғыдан тиімді сала, сондықтан, ол да ақша табуы керек. Жаңажылдық қойылымдар ертегі көрсетілімдерімен сәтті өтті. Бір ұқсанымыз жас көрермендер үшін пьесалар аз жазылуда. Бұл театрдың кінәсі емес, – дейді театр директоры Дунай Еспаев.

Алғашқы қысқы премьеры «Бонинг-Бонинг» болса, Микаил Микаилов пен Мұстафа Мұстафаевтың «Ханума» қойылымы,



ресейлік драматург Николай Коляданың «Баба Шанель», сондай-ақ «Тарелкиннің өлімі» қойылады. Қарағандыға тағы да «Макбетпен» жұмыс істеген Константин Мишин келмек. Бұл жолы ол Шекспирдің «Ромео мен Джульеттасын» сахналайды. Т.Жүргенов атындағы академия профессоры Тілектес Мейрамовтың заманауи сахналауында Ғабит Мүсіреповтің «Махаббат туралы поэма» атты жаңа спектаклі қойылатынын атап өткен жөн.

• ХОККЕЙ

«Сарыарқа» саңлақтарынан сүйінші

Жергілікті «Сарыарқа» хоккей командасы астаналық «Барысты» 5:0 есебімен қапы қалдырды. Ойынның бастапқы сәтінен-ақ, жерлестер шайбаға иелік етіп, алаң қожайындарын қатты састырды.

Ойынның 02:37 секундында «сарыарқалық» Герман Шапоров алғашқы голды қарсылас қақпасына өткізе алды. Бұл нәтиже қарағандылық команданы алға жетелегені сонша ойынның 08:51 минутында Игнат Холькин мен Андрей Лагуновтың бірлескен шабуылы тағы да нәтижелі болды. Есеп 2:0. Ал, Антон Злобин командаласы Артем Анисимов пен Максим Беляевтің пасын сәтті пайдаланып есепті 3:0-ге еселеді. Бұдан кейін «барыстықтар» барын салып, таразы басын теңестірімек болды. Алайда, бұл қарқын «Сарыарқа» командасын одан сайын ширата түскендей. Олар тағы екі гол салып, жеңіске жетті. Есеп 5:0. «Барыс» командасы бұл жолы алаңнан бос қайтты.



• ТЕННИС

Жартылай финалға шықты

Аустралияда өтіп жатқан ашық чемпионатта 23 жастағы қазақстандық Елена Рыбакина жеке кездесуін жеңіспен бастады. Ол Латвия өкілі Елена Остапенконы 6:4 есебімен тізе бүктіріп, жартылай финалға жолдама алды.

Бұл матчтың ұзақтығы 1 сағат 21 минутты құрады. Жартылай финалда Елена Рыбакина АҚШ спортшысы Джессика Пегуламен беларустық Виктория Азаренконың қай жеңгенімен ойнайды.

Елена Рыбакина – Australian Open финалына шыққан алғашқы қазақстандық. Бұған дейін, ол ресейлік Анастасия Павлюченковамен жұптасқан кездесуде жапондық дуэт Сюко Аояма мен Ена Шибарадан жеңілген болатын.



• ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Желден жүйрік желаяқтар

Астанада алғаш рет «Astana Meeting World indoor tour» жеңіл атлетикалық турнир өтті. Қазақстан ТМД елдері арасында осындай деңгейдегі жарыс ұйымдастырған бірінші ел болды.

Аталған жарысқа 100-ге жуық спортшы қатысты. Турнирді ҚР Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов пен ҚР Жеңіл атлетика федерациясының президенті Даниал Ахметов ресми түрде ашты.

Турнирді абыройлы аяқтаған отандасымыз Елизавета Матвеева. Ол әйелдер арасында биіктікке секіруден III орынды иеленді. Ерлер арасындағы жарыс желаяқтардың 60 метрге жүгуімен басталды. Бағдарламаның бұл түрінде кубалық Роджерс Ирибарн (нәтиже 7.62 сек) отандасымыз Давид Ефремовтан (7.65 сек) озып, жеңіске жетті. Естеріңізге сала кетейік, Давид Ефремов 7,62 сек нәтижесімен алдын ала жарыста Қазақстанның рекордын жаңартқан.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – Қ.Ж. ӘБІЛДА

Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – О.В. МЯГКИХ

Директордың орынбасары – Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор – Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары – Н.С. ДҮТБАЙ

Интернет-редакция редакторы – І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы – Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № КЗ18ВРУ00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyyk.kz@gmail.com; ortalyyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмессе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ

Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KZJKBKZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№10 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша

«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.

Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.

Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.

Кезекші редактор Жәлел ШАЛҚАР